



ЭСТЕТИКА

Неомодернизм көркемдік бағыт
ретінде





Кітап: Эстетика

Дәріс: Неомодернизм көркемдік бағыт ретінде

Дәріс авторы: Әлия Өмірбекова

НЕОМОДЕРНИЗМ КӨРКЕМДІК БАҒЫТ РЕТІНДЕ

1. Неомодернизм ерекшеліктері
2. Дадаизм
3. Сюрреализм
4. Экспрессионизм
5. Конструктивизм
6. Экзистенциализм
7. «Сананың ағыны» әдебиеті

Құрметті тыңдаушы қауым, өнердің теориялық тарихын қарастыру барысында әлемдік мәдениет тарихындағы тағы да бір кезеңге келіп жеттік. Ол неомодернизм бағыты. XX ғасырдың 50-70 жылдары туындаған өнердегі көптеген стильдер мен бағыттардың ішінде ғылыми-техникалық және интеллектуалдық мәдениетке жақын келетіні неомодернизм, себебі ол жаңа техника және технологиялармен тікелей байланысты.

Неомодернизмді – 20-шы жылдардағы модернизм идеяларына сүйенетін, жаңадан рәсімделген модернизм деп айтуға болады. Модернизм ешқашан жоғаламаған, еуропалық елдерде кескіндеме және сәулет өнерінің жаңа үздіксіз қалыптасушы бағыттарында бірте-бірте дамып отырды десек қателеспейміз.

Неомодернизмнің бұрынғы модернизмнен ерекшелігі өз бойына заманауи технологияларды, заманауи қоғам эстетикасын сіңірді. Неомодернизм эклектиканы жоққа шығарады және оның өнердегі заманауи көрінісі – постмодернизм болып табылады. Неомодернизм кескіндеме өнері мен сәулет өнеріне тамаша қарапайым қалыптар мен қатаң түзу сызықтарды қайтарды.

Неомодернистердің пайымдауынша, ақиқат әмбебап қалыпта тіршілік етеді және тіршілік ететін объектілер бақылаушының қиялында қалыптасып, оның жеке тәжірибесінен шығады деген экзистенциалистік және постмодернистік көзқарастарды жоққа шығарады. Неомодернистер постмодернистік герменевтикадағы авторлық ниеттің тұжырымдамасына нұқсан келтіруге қарсы шығады. Олардың айтуынша, қарапайым тілмен жазылған мәтін автордың берген идеясын ғана білдіреді, ал ең қарапайым мәтіннің өзі бірнеше мағына береді деген оймен мүлдем келіспейді.

Неомодернизм кезеңінде барлық авангардтық көркем бағыттар шынайылықты, адам әлемнің қысымына шыдамай неоадамға, яғни жаңа адамға айналады деген түсініктен шығады. Юрий Борев олардың ішінде мына ағымдарда атап өтеді: мағынасыз ессіздік – дадаизм; қаскүнем әлемдегі жаттанған адам – экспрессионизм; индустриалдық күштер жаттанған ортадағы әлем – конструктивизм; жұмбақ және танылмаған әлемде шатасқан адам – сюрреализм; мағынасыз әлемде жалғыз қалған адам – экзистенциализм; шынайылыққа қатысы жоқ адамның рухани әлемін білдіретін «сана ағыны» әдебиеті; түстерде көрініс тапқан сана-сезім ағынын танытатын неоабстракционизм

Келесі кезекте осы кезеңнің ерекшелігін түсіндіру үшін аталып өткен көркем бағыттарға жеке-жеке тоқталайық. .

Дадаизм бойынша әлем мағынасыздық және ессіздік. Дадаизм – сенім мен ақыл-парасатты тексеретін әлем мағынасыз ессіздік деген көркемдік концепцияны бекітетін көркем бағыт болып табылады. Бұл бағыт Бірінші Дүниежүзілік соғысқа қарсылық ретінде пайда болды және де сол кездегі барлық мәселелерді туындатқан рационализм мен логика деген тұжырым айтылды. Дадаизм қозғалысы ашық жиналыс, ереуіл, өнер шығармашылығы, әдеби гезет-журнал шығару секілді тәсілдерді қолданып саяси, мәдени мәселелерге өз тарапынан баға берді, түсіндірді, сын айтты, маскара, мазақ етті. Дадаистер барлығы түсіндірілетін және де талданатын өнерге қарсы болды, оларға тән еркіндіктің арқасында коллаж техникасының дамуы, бірегей графикалық дизайн, күнделікті тұрмыстағы заттарды шығармашылықта қолдану, кейінірек, перформанс деп аталған көркем акция-қойылымдар, тіпті граффити сияқты қызық өнімдер пайда болды. Басқаша айтсақ, дадаизмнің негізгі көздегені ояу күйдегі иррационализм немесе саналы түрдегі санасыздық, дәстүрлі өнер өлшемдерінен ашық бас тарту, күйреу сезімін бейнелеу, өмірге реніш пен наланы аңғарту, мәнсіз, кездейсоқ, келсін-келмесін істермен өмір шындығын бейнелеу болды.

Дадаизм позитивті идеялар ұсынбаған және пессимизмге толы көзқарастар жиынтығы. Дадаизмнің негізгі ұстанымдары: әлемдік мәдениет дәстүрлерінен қол үзу, оның ішінде тілдік дәстүрлер де бар; қорғансыз тұлға қираған, әлемді ессіздік хаосы ретінде есептеп, мәдениет пен шынайылықтан қашу; пессимизм, сенімсіздік, құндылықтарды жоққа шығару, өзін толықтай жоғалту және болмыстың мәнсіздігі



сезімі, идеалдар мен өмір мақсаттарының бұзылуы. Ең атақты дадаист Марсель Дюшан бойынша, бірнеше жыл сурет салып, мүсін жасаудың қажеті, тек бар нәрсенің мәнмәтінін ауыстырсаң болғаны, жаңа дүние туындайды.

Дадаизм – мәдениеттің классикалық құндылықтарының дағдарысы, жаңа тіл мен жаңа құндылықтарды іздеу.

Дадаизмді I дүниежүзілік соғыстың аласапыранында Еуропаның күйреген көне қоғамы мен мәдениетінің туындысы деуге болады. Дадаизм әдеби-көркем өнер ағымы ретінде тым қысқа уақыт жалғасса да, қозғалыс ауқымы біртіндеп тараса да, бәрібір қазіргі заманғы түрлі көркем өнер ағымдарына түгел дерлік ықпал еткен өзгеше өнер бағыты болды.

Өзінше еркіндікті білдіретін келесі бағыт – сюрреализм. Бұл бағыттың орталық мәселесі – жұмбақ және танылмаған әлемдегі шатасқан адам болып табылады. Сюрреализмнің эстетикасы мен көркемдік тәжірибесі Анри Бергсонның интуитивизмі, Вильгельм Дильтейдің философиясы, әсіресе, фрейдизмнің әсерінің аясында болды. Олар интуициялық түйсікті, жанның шындықтан тұйықталған ішкі сезінімін, жасырын сана мен санасыздықты дәстүрлі қалыпты бұзған тәсіл-амалдар арқылы көрсетіп беруге тырысты. Олардың қозғалысын сюрреализм қозғалысы, немесе асқан шындыққа талпыныс деп те атайды. Сюрреализм – агностицизмнің көркем көрінісі, ол суретшіні танылмайтын «өзіндік заттар» қоршап тұр, ал шынайы құбылыстардың арғы жағында жоғары шынайылық бар. Сюрреализм сөзінің түп төркіні шынайылықтың шегінен шығу деген мағына береді. Сюрреалистердің пікірінше, шығармашылық күш түс көру, гипноз, оқыс іс-әрекеттер сияқты бейсаналық саладан шығады.

Осы бағыттың теоретигі және негізін салушы Андре-Бретонның айтуы бойынша, бұл бағыт арман мен шынайылықтың арасындағы қарама-қайшылықты жойып, қандай да бір абсолюттік шынайылық, жоғары шанайылықты жасауы керек.

Сюрреализмнің көркемдік концепциясы әлемнің жұмбақтығы мен танылмағандығы, онда уақыт пен тарих жоғалады, ал адам сананың астында өмір сүреді де, қиындықтар алдында дәрменсіз болып қалады.

Сюрреализмге барлық стандарттарға сай емес, бір түрлі, иррационалдыққа құштар болу тән.

Өнерде сюрреализм адам санасыздығындағы түрлі қайшылықтар мен парадокстарды, үрей мен абыржулы көңіл күйлерді, таңырқауды, тіксінуді, өкінуді, дағдаруды, үміттенуді әсіре бұрмаланған нақты шындықтар арқылы елестетуге тырысады. Олардың өзгеше бейнелеу тәсілі адамның қалыпты түйсігін бірден бұзып, шұғыл таңырқау туғызады, тосын ойға ие етеді, жан дүниесіндегі айныған, бұрмаланған сезімдер мен қайшылықтарды жайып тастаумен бірге, астарында қалжың мен кекесін де жатқан болады. Олар шындықтың адам ақылы аңғара бермейтін сол бір қитұрқы тұсына шұғыл назар аудартып, бейақылдық сезімдері аршылумен туындаған өзгеше эстетикалық сезімге ие етеді.

Осынау көркемдік кезеңді сипаттап, ерекшелігін көрсететін тағы да бір бағыт – экспрессионизм.

Ол қаскүнем әлемде жаттанған адам тұрады дегенді тұжырымдайтын көркемдік бағыт. Өз уақытының басты кейіпкері ретінде құштарлықтар жайлаған әлемде үйлесімділік табуға қабілеті жоқ тулаған сезімнің арбауындағы жеке тұлғаны ұсынады.

Экспрессионизм көркемдік бағыт ретінде әр түрлі ғылыми қызмет салаларының өзара әрекеті негізінде пайда болған, оларға Фрейд психоанализін, Гуссерль феноменологиясын, неокантиандық гносеологияны, «Вена үйірмесінің» философиясын және гештальтпсихологияны жатқызамыз.

Экспрессионизм тура өмірлік тәжірибені өзгертеді, әдеттегі нысандарды бұрмалайды. Бұл шынайылыққа деген сенімсіздікті білдіреді.

Экспрессионизм – суретші ақиқатты шынайылықты емес, әлемде болып жатқан оқиғаларға адамда жауап ретінде туындайтын субъективті сезімдер мен қарсылықтарды көрсетуге тырысатын мәдениет дамуындағы көркем стиль болып табылады.

Осы кезең аясында қарастырылатын тағы да бір стиль, ол – конструктивизм.

Конструктивизм ғылыми-техникалық төңкерістер басында пайда болды да, техницизм идеясын идеалдандырып жіберді; ол машинаны және оның өнімдерін жеке тұлғадан жоғары бағалады. Тіпті конструктивизмнің дарынды және гуманистік шығармаларының өзінде техникалық прогресстің жаттандырушы факторлары қалыпты ретінде қабылданған. Конструктивизм технократизмге бағытталған.

Конструктивизм эстетикасы эстетика мен эстетизмді жоюды талап ететін тек кәдеге жарарлықты маңызды етіп алатын шектердің арасында дамыды. Кескіндеме және сәулет өнерінде конструктивизмнің шығармашылық ұстанымдары максималды түрде инженерияға жақындатылған және де математикалық



Кітап: Эстетика

Дәріс: Неомодернизм көркемдік бағыт ретінде

Дәріс авторы: Әлия Өмірбекова

есеп, көркемдік құралдардың шектелуі, композицияның сызбалығы тән болды.

Конструктивизм эстетикасы ешқандай қызмет атқармайтын сәнділікті қабылдамайды, тіпті қажет болған жағдайда суретшіні инженер-конструктормен алмастыруға дейін барады. Конструктивизм – техникалық прогресс пен «машина эстетикасының» туындауы.

Келесі талданатын көркемдік бағыт экзистенциализм. Бұл сөздің мағынасы қандай да бір белсенділік дегенді білдіреді. Экзистенциализмнің мәні адам атқаратын іс-әрекетіне таңдау жасай отырып, өзінің тіршілігін өзі қалыптастырады. Экзистенциализм мағынасы жоқ әлемдегі жалғыз эгоист өзін-өзі жоғары бағалайтын тұлғаны негіздейді. Экзистенциализм үшін тұлға тарихтан бағалырақ.

Өзінің көркемдік концепциясында экзистенциализм адамның тіршілік негіздерінің өзі мағынасыз, себебі адам өмірі шектеулі; тарих жаманнан нашаоға қарай жылжиды, сосын қайтадан жаманға қайтып оралады. Өрлеп бара жатқан қозғалыс жоқ, адамзат өмірі мәңгіз айналысқа түсетін, тарихтың тоқтаусыз айналып отырған шеңбері ғана бар.

Экзистенциализмнің көркемдік концепциясымен негізделетін жалғыздықтың қарама-қарсы логикалық салдары бар: адам өзін адамзатта жалғастыратын өмірде мән бар. Бірақ адам жалғыз болса, ол әлемдегі жалғыз құндылық болса, ол қоғамдық тұрғыдан құнсызданады да, оның болашағы жоқ және өмірі аяқталады. Ол адамды алып тастайды да, өмір өз мағынасынан айырылады.

Ол адамгершілік құндылықтар күнделікті тұтынушылық қажеттіліктердің тасасында қалған, техногенді, индустриалды, қатыгез қоғамға қарсылық ретінде туындады. Ғаламдық дағдарыстар мен соғыстар және төніп келе жатқан экологиялық апат адамгершілік құндылықтардың құлдырауына, адамның өз қолымен жасалған бірақ, өзіне жат дүниесінде адамның өмірінің мәні мен болмысы жайлы сұрақтар неғұрлым шиеленісе түседі. Адамгершілік құндылықтарға бет бұру бұл бағыттың басты ерекшелігі. Экзистенциализмнің негізгі өкілдері: М.Хайдеггер, К.Ясперс, Н.А. Бердяев, Ж.П. Сартр, Г.Марсель, А.Камю, сондай-ақ олардың идеялық қолдаушылары: Августин, Ф.Шеллинг, С.Кьеркогор, А.Шопенгауэр, Ф.М. Достоевский, Ф.Ницше. Экзистенциализм еуразиялық әдебиеттің, театрдың, басқа да өнер салаларының дамуына ықпал етті.

Сонымен қатар, Боров өнер теориясы тарихында болған бағыт ретінде шынайылыққа қатысы жоқ адамның рухани әлемін білдіретін «сана ағыны» әдебиетін қарастырды.

Мыңжылдықтар бойы адамзат қоршаған ортаны қарастырып келе жатқаны айқын, яғни тіршілік етіп отырған ортадағы ең кіші бөлшекке дейін барлығы зерттелген десек қателеспейміз. Алайда, барлық уақытта ең қиын жұмбақ адамның өзі болды. көптеген ғалымдар мен философтар адам ақыл-парасатының құпия қойнауына кіруге тырысты. Соның бір нәтижесі іспеттес, XIX ғасырда іргелі көркемдік жаңалық болды, ол психологиялық талдаудың ашылуы. Бұл жаңалыққа дейін ойлау феномені әдебиетте сананың шынайылық деректеріне жай ғана жауап ретінде қарастырылды. Ой дерекке сәйкес келді және оған тең болды. рухани әлем тоқтаусыз, ойлау барысына адамның ойлау тәжірибесінің барлығы да қатысады, ой бүгінгіні, өткен мен болашақты қозғайды, ол адамның барлық өмірлік тәжірибесінің аясында деректі қайта өңдеу, ойлауға мидық аналитикалық және синтетикалық қабілеттері ғана қатыспайды, есте сақтау, қиялдау, фантазия барлығы да атсалысады.

XIX ғасырдың соңында өнер қайраткерлері жаңа ештеңе жасай алмай отырғандарын түсінді. Модернизм өнер мүмкіндіктерін кеңейтіп, шынымен бірегей бірдеңе жасауға мүмкіндік берді. Модернистік қозғалыстың анағұрлым жаңашылы «сана ағыны» әдебиеті болды. XX ғасырда реализмдік көркем жаулап алуды «сана ағыны» әдебиеті жалғастырып, тереңдете түсті.

Сана ағыны терминін 1890 жылы «Психология негіздері» кітабына Уильям Джеймс енгізді. Бұл – ішкі монолог типі, ішкі ойлау үдерістерінің әдеби сипаттамасы, сана арқылы, рухани үдерістерді бейнелеу арқылы өтетін ой мен сезімдерді бейнелеудің әдеби техникасы.

«Сана ағыны» әдебиеті жеке тұлғаның ішкі әлемін бейнелейді және рухани өмір құндылықтарын өздігінен жүретін қозғалыстарында ашып көрсетеді.

Және де соңғы тоқталатын өнер стилі – ол неоабстракционизм. Оны түстерде көрініс тапқан сана-сезім ағынын танытатын бағыт деп сипаттауға болады. Неоабстракционизм екінші толқындағы абстракционизм – өздігінен тұрақсыз өзін-өзі көрсету, шынайылықты бейнелеуден бас тарту.

Абстракционизм және неоабстракционизм теориясының әлсіз тұсы – айырмашылықтарды айқындауда нақты құндылықтық өлшемдердің болмауы.

Неоабстракционизм батыстық өнерде 50-ші жылдардың аяғында сруетшілер, кескіндеме өнерінің сыншылары мен теоретиктерінің арасында аса танымал болды. Неоабстракционистер өздерінің



Кітап: Эстетика
Дәріс: Неомодернизм көркемдік бағыт ретінде
Дәріс авторы: Әлия Өмірбекова

шығармашылығында тұлға мен әлемнің ажырауын көрсетті. Ағылшын өнер теоретигі Герберт Рид адамдықтан алыстап кеткен заманауи әлемнің сөзсіз және дұрыс туындысы деп есептейді. Жеке тұлғаны қирататын жаттануға тұлғаның шынайы өмірден саналы жаттануын қарсы қояды. Өкінішке орай, неоабстракционизм адамға қарсы шынайылықты тек жоққа шығарады, бірақ оны адами етуге тырыспайды. Абстракционизм мен неоабстракционизмнің түс пен қалып үйлесімі, олардың бояу қарқындылығына қарай әр түрлі өлшемдегі заттардың «тепе-теңдігін» жасау сияқты көркем шешімдерін сәулет өнерінде, дизайнда, безендіру өнерінде, театр, кино, телевидениеде қолданылады.

Қорытындылай келе, ақыл-парасаттың жаңа сапасын ұалыптастыруға алып келетін өмірді жаңаша сезіну, ұақытты жаңаша қабылдау пайда болды деп айтуға болады.